



2024–2025 оқу жылына арналған Әдістемелік кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Әдістемелік кеңес Тақырыбы: «Реджио педагогикасы – заманауи мектепке дейінгі білім берудің тиімді бағыты» «Реджио педагогикасы біздің бөбекжайда». Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық көңіл-күйінің дамуы. Балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогтерге кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру. Топтардағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарларын бекіту, ата-аналар туралы мәліметтердің өзектілігін тексеру.	Қыркүйек	Әдіскер А.С.Балжанова
2	Әдістемелік кеңес Тақырыбы: «Педагогтің кәсіби дамуы және Реджио педагогикасын тиімді қолдану» Өзіндік шығармашылық тақырыптарын жүзеге асырудың әдістемелік жолдары. Ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасын қолданудың тиімділігі.	Ақпан	Әдіскер А.С.Балжанова
	Әдістемелік кеңес Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық» Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Педагогикалық ұжымның 2024–2025 оқу жылындағы жұмысын талдау. Аттестаттаудан өтуге өтініш қабылдау. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.	Сәуір	Әдіскер А.С.Балжанова

**«Alinur» балабақшасының 2024–2025 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 30.09.2024 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Реджио педагогикасы – заманауи мектепке дейінгі білім берудің тиімді бағыты»

Күн тәртібінде:

- 1.«Реджио педагогикасы біздің балабақшада».
- 2.Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық көңіл-күйінің дамуы.
- 3.Балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогтерге кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.
- 4.Топтардағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарларын бекіту, ата-аналар туралы мәліметтердің өзектілігін тексеру.

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова «Реджио педагогикасы біздің бөбекжайда» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы Реджио педагогикасының негізгі қағидаларына тоқталып, оның мектепке дейінгі білім беру үдерісіндегі маңызын түсіндірді. Баланы тұлға ретінде дамыту, оның қызығушылығы мен шығармашылық әлеуетін қолдау, зерттеушілік қабілетін қалыптастыру және еркін таңдау жасауына жағдай туғызу – Реджио педагогикасының басты ұстанымдары екендігі айтылды.

Бөбекжайда Реджио педагогикасының элементтерін ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, еркін ойын барысында және дамыту орталықтарында тиімді қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

II. Тыңдалды: Тәрбиешілердің қатысуымен мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық көңіл-күйінің дамуы мәселесі қарастырылды.

Баланың психоэмоционалдық дамуы оның танымдық белсенділігіне, қарым-қатынас мәдениетіне және тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететіні айтылды. Педагогтер балалардың эмоцияларын тану, оларды дұрыс жеткізу және өз сезімдерін басқару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар тәжірибесімен бөлісті.

III. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова бөбекжайда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру және педагогтерге әдістемелік-психологиялық қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар туралы баяндады. Педагогикалық ұжымда өзара сыйластыққа, ынтымақтастыққа және қолайлы жұмыс атмосферасын қалыптастыруға ерекше назар аударылатыны айтылды. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби күйзелісінің алдын алу, эмоционалдық тұрақтылығын сақтау, тиімді қарым-қатынас мәдениетін дамыту мақсатында кеңестер, тренингтер және психологиялық қолдау шараларын тұрақты өткізу жоспарланды.

Педагогтер тарапынан көтерілген мәселелер талқыланып, қажетті әдістемелік және психологиялық көмек көрсету жөнінде ұсыныстар қабылданды.

IV. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова топтардағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарларын қарастырып, оларды бекіту мәселесін ұсынды. Баяндама барысында ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бірлескен жағдай жасау бағытындағы жоспарланған іс-шараларға тоқталды. Барлық топтардағы ата-аналар туралы мәліметтердің толықтығы тексеріліп, деректерді жаңарту, байланыс ақпараттарын нақтылау және қажетті құжаттарды уақытылы рәсімдеу тапсырылды. Әдістемелік кеңес мүшелері ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарларын талқылап, бірауыздан бекітуге ұсынды.

Қабылданған шешім:

- 1.Реджио педагогикасының негізгі қағидаларын оқу-тәрбие процесіне кезең-кезеңімен енгізу және дамыту орталықтарының жұмысын жетілдіру қамтамасыз етілсін.
- 2.Балалардың эмоционалдық көңіл-күйін дамытуға бағытталған ойын, зерттеу және шығармашылық жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
3. Барлық топтардың ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары бекітіліп, жоспарланған іс-шаралардың орындалуы бақылауға алынсын.
- 4.Реджио педагогикасы бойынша педагогтердің тәжірибе алмасуы, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен шеберлік сағаттары оқу жылы бойы жүйелі ұйымдастырылсын.

Төрайымы

Хатшы



А.Б.Аралова

А.С.Балжанова

**«Alinur» балабақшасының 2024–2025 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №2**

Өткізілген күні: 20.02.2025 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Педагогтің кәсіби дамуы және Реджио педагогикасын тиімді қолдану»

Күн тәртібінде:

1.Өзіндік шығармашылық тақырыптарын жүзеге асырудың әдістемелік жолдары. Әдіскер А.С.Балжанова

2.Ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасын қолданудың тиімділігі. Әдіскер А.С.Балжанова

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова «Өзіндік шығармашылық тақырыптарын жүзеге асырудың әдістемелік жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруде шығармашылық тақырыппен жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Әр педагогтің жеке кәсіби даму жоспары, зерттеу жұмыстары, инновациялық технологияларды меңгеруі және авторлық тәжірибесін жинақтауы кәсіби құзыреттілікті арттырудың негізгі бағыттарының бірі екендігі айтылды.

II. Тыңдалды: тәрбиешілер Д.А.Серікбаева О.П.Еремина А.М.Жүсіпова А.Б.Сәменова, Ж.З.Файзуллина ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасын қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Реджио педагогикасының негізгі қағидаларын оқу-тәрбие процесіне енгізудің тиімді жолдарын көрсетті. Балалардың қызығушылығына негізделген жобалық жұмыстар, зерттеу әрекеттері, шығармашылық орталықтарды ұйымдастыру, табиғи материалдарды пайдалану және баланың еркін таңдау жасауына мүмкіндік беру тәжірибелері ұсынылды.

Тәрбиешілер Д.А.Серікбаева О.П.Еремина А.М.Жүсіпова А.Б.Сәменова, Ж.З.Файзуллина ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қабілеттерінің артқанын, шығармашылық ойлау, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларының дамуына оң әсер еткендігін нақты мысалдар арқылы көрсетті.

Қабылданған шешім:

1.Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстар жүйелі жүргізіліп, оқу жылының соңында шығармашылық есептері ұсынылсын.

2.Реджио педагогикасының тиімді әдіс-тәсілдері ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тұрақты қолданылып, педагогтердің үздік тәжірибелері әдістемелік қорға жинақталсын.

3.Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары және тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.

4.Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы инновациялық тәжірибелер оқу-тәрбие процесіне енгізіліп, нәтижелері әдістемелік кеңесте тұрақты талданып отырсын.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



**«Alinur» балабақшасының 2024–2025 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №3**

Өткізілген күні: 24.04.2025 ж.

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 1 (себепті)

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық»

Күн тәртібінде:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Педагогикалық ұжымның 2024–2025 оқу жылындағы жұмысын талдау.
3. Аттестаттаудан өтуге өтініш қабылдау.
4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау.
5. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Баяндама барысында педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарылған жұмыстардың орындалу деңгейі, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде Реджио педагогикасының тиімді қолданылуы, инклюзивті білім беру бағытында көрсетілген әдістемелік қолдау және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды.

Әдіскер жоспарланған әдістемелік іс-шаралардың толық көлемде орындалғанын, педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары, тәжірибе алмасу алаңдары мен семинарларға белсенді қатысқанын атап өтті. Қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп бағаланды.

II. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова педагогикалық ұжымның 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмысына жан-жақты талдау жасады.

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіру, инновациялық педагогикалық технологияларды, оның ішінде Реджио педагогикасының элементтерін енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды. Жылдық мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының даму көрсеткіштері талданды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім беру жұмыстарын ұйымдастыру деңгейінің жоғарылағаны атап өтілді.

III. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова педагогтерді аттестаттаудың қолданыстағы тәртібімен таныстырып, кезекті аттестаттаудан өтетін педагогтердің өтініштерін қабылдау мәселесін қарастырды.

Баяндамашы педагогтерге аттестаттауға қажетті құжаттарды рәсімдеу талаптарын, электрондық портфолио жинақтау тәртібін, кәсіби жетістіктерді жүйелеу жолдарын және бағалау өлшемшарттарын түсіндірді. Аттестаттаудан өтуге ниет білдірген педагогтердің өтініштері қабылданып, құжаттарды белгіленген мерзімде толық рәсімдеу тапсырылды.

IV. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында жинақталған тәжірибелер туралы баяндама жасады. Оқу жылы барысында өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, коучингтер, семинар-практикумдар, шеберлік сағаттары, педагогикалық оқулар мен тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижелері қорытындыланды. Педагогтердің шығармашылық ізденістері, инновациялық тәжірибелері, әдістемелік әзірлемелері, авторлық материалдары және озық педагогикалық тәжірибелері әдістемелік қорға жинақталып, оларды келесі оқу жылында тарату жөнінде ұсыныстар берілді.

V. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды. Әр жас тобының жазғы сауықтыру кезеңіне арналған перспективалық жоспары мен циклограммалары қаралып, педагогтердің ұсыныстары тыңдалды. Әдістемелік кеңес мүшелері жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бірауыздан қолдап, бекітуге ұсынды.

Қабылданған шешім:

- 1.Өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Педагогикалық ұжымның 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмысының қорытындысы оң бағалансын.
3. 2025 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітіліп, барлық жас топтарында жоспарға сәйкес сапалы ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
- 4.Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік қағидалары қатаң сақталсын.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова

